

Павлодар облысының білім беру
басқармасы, Павлодар қаласы
білім беру бөлімінің «Павлодар
қаласының № 32 негізгі жалпы
білім беру мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
Павлодар қаласы Ленин кенті
Панфилов көшесі 65
тел.факс 318743

Коммунальное Государственное
учреждение «Основная
общеобразовательная школа
№ 32 города Павлодара» отдела
образования города Павлодара,
управления образования
Павлодарской области
г. Павлодар п. Ленинский
ул. Панфилова 65
тел.факс 318743

БҰЙРЫҚ

2022 ж. «02» қыркүйек
№ 1-03/90

ПРИКАЗ

№ 1-03/90
«02» қыркүйек 2022

2022-2023 оқу жылында оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 235 бұйрығы негізінде, 2020-2021 оқу жылында оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептегі тамақтандыруға жауапты ДТЖО Р.К.Жайдақбаеваға:

- оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналарға және мұғалімдерге толық ақпарат уақтылы беріліп отырсын;
- жеңілдетілген тамақтану туралы мәліметтер базасы құрылсын және оны Қаулыларға сәйкес жүйелі түрде түзетілсін;
- тоқсанына бір рет директормен кездесу өткізілсін.

2. Әлеуметтік педагог А.С.Бексейітоваға:

- қажетті құжаттар уақтылы рәсімделсін (жеңілдетілген тамақтану бойынша есептер);
- жеңілдікті тамақтану бойынша деректер базасының және тамақтанушылар санының сәйкестігін бақылау жүзеге асырылсын.

3. Ұзартылған күн топтарының тәрбиешілеріне және сынып жетекшілеріне:

- сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту көрсеткішін арттыруға ықпал етсін;
- сынып оқушыларының жеке гигиена ережелерін сақтауын қамтамасыз етілсін;
- күн сайын сынып оқушыларының тамақтануын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Мектептің медициналық қызметкері А.К.Нургалиеваға:

- күндізгі мәзір мен оқушыларға ұсынылатын дайындалған тағамдардың сәйкестігін дайын тағамның толық таратылуын бақыласын;
- ас үй ыдысының және арнайы мүкәммалдың жай-күйін бақыласын;
- азық-түлікті сақтау шарттарын және оларды сату мерзімдерін сақтауды бақыласын.

5. Санитарлық нормаларды сақтау мақсатында келесі тамақтану режимі белгіленсін:

6. Кезекші мұғалімге:

- мұғалімнің сүйемелдеуімен асханаға балаларды ұйымдасқан түрде апаруды қамтамасыз етсін;
- оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің тамақтану залына сырт киіммен кіруге жол берілмесін;
- оқушыларға асханадан азық-түлік пен асхана құралдарын алып шығуға рұқсат етілмесін.

7. Жетім балалар және аз қамтылмаған отбасылардан шыққан балаларды жаппа мемлекеттік қызмет қоры қаражатынан ыстық тамақпен келесі оқушылар қамтамасыз етілсін (№ 2 қосымша).

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өз атыма қалдырамын.

Мектеп басшысы



С.К.Садбеков

Бұйрықпен таныстырылды: